

## Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы 1 «Ә» сыныбының тәрбие жұмысына талдау

2023-2024 оқу жылының басында біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес тәрбие жоспары құрылып, бекітілді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Осы мақсаттарға сәйкес тәрбие жұмыстарының тақырыптары қойылып, жүргізіліп отырды.

Нәтижесінде ата-анасын сыйлайтын, перзенттік парызын түсінетін, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайтын, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейтін, отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейтін, салт-дәстүрлерді біліп, оны сақтайтын, әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайтын, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайтын, жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсініп, тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайтын ұрпақ тәрбиеленуде. Жыл бойы оқушылар сыныптан тыс шараларға, үйірмелерге қатысып жүрді. Әр тоқсан сайын ата-аналармен де жұмыстар жүргізілді. Спорттық волейбол ойынынан мектепшілік турнирге қатысып, үшінші орын иеленді. Қысқы спорттық ойындарда 1-сыныптар арасында ұйымдастырылған эстафеталық ойындарға қатысты. Жыл бойы оқушылардың тәртібі өте жақсы болды. Өрескел тәртіпсіздік жасаған ешкім болған жоқ.

Сынып жетекшісі:  М.И. Куанбаева